



ЖАЛАҒАШ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖЕТІСТІККЕ ИЕК АРТТЫ

Жалағашта жүйелі іс бар. Төрт түлігін түлетіп, егістігін жайқалтқан ауданда мемлекеттік бағдарламалар көмегімен жаңа бастамалар қолға алынып, оң нәтижесін беруде. Бұған біз өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен кезекті баспасөз турында көз жеткіздік.

ЖЫЛЫЖАЙДЫҢ ИЕСІ – СТУДЕНТТЕР

Бірінші болып аудан орталығында орналасқан Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің жұмысымен таныстық. Байқағанымыздай, аграрлық саланың әлеуетін арттыруды көздейтін арнаулы оқу орнына ерекше қолдау көрсетілген. Мұнда «Ферма шаруашылығы», «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары», «Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану», «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мен «Дәнекерлеу ісі» секілді мамандықтар бойынша болашақ кадрлар дайындалуда. Жуырда колледж жанынан жылыжай да ашылды. БҰҰ Даму бағдарламасы шеңберінде ашылған жылыжай ісіне студенттер жіті мән беріп, отандық көкөністің сұранысқа сай шығуына үлес қосқысы келеді. Колледж директоры Ғани Серікбасвтың айтуынша, қазір мұнда 360 түп қияр, 260 түп қызанақ, шалғам, асқөк, асқелкен егіліп, бастапқы өнімін бере бастаған.

– Жобаның құны – 3,2 млн теңге. Жылыжай ұзындығы 27 метрді құрайды. Өздеріңізге белгілі, жылыжайда көкөніс өсіру – көп еңбекті қажет ететін процесс. Жемістің әр түрін өсірудің өзіндік құпиясын меңгеру қажет. Бұған біз студенттерді тартудамыз. Өндірістік шеберлер олардың бұл дүниелерді көзбен

көріп, қызығушылық танытуына ықпал жасауда. Сырттан келетін көкөніс өнімдерінің орнын өз жерімізден шыққан өнімдермен алмастыруды ойлаймыз. Ұтымды технологияның арқасында жыл он екі ай бойы көкөніс өндіріп, тұтынушыларға ұсыну мүмкіндігі қарастырылып отыр. Бұған қоса колледжде фермер мамандығының «Жеміс және көкөніс өсіруші» біліктілігі бойынша оқып жатқан студенттер “Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы” аясында жұмысқа орналаса алады, – дейді Ғ.Серікбаев.

Мәлім ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»,
Суретті түсірген: Н.НҰРЖАУБАЙ.
Жалағаш ауданы.